Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

12 қаңтар сейсенбі
№3 (1705)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Сайлау-2021: ҚАЛАЙ ӨТТІ? ҚАЙ ПАРТИЯ ЖЕҢДІ?

10 қаңтар қазақ елі үшін әдеттегіден ерекше өтті. Тұрғындардың барлығында бір мақсат – ел болашағы үшін, кемел келешек үшін дауыс беру.

Иә, биылғы 2021 жыл ҚР Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының кезекті сайлауымен басталды. Жалпы сайлауға еліміздегі 5 партия, яғни «Ақжол», «Adal», «Ауыл», «Nur Otan» және Қазақстанның халық партиясы қатысты. Жалпы бұл сайлау қалай өтті?

Таң ертеңімен сайлау туралы ақпараттар желіні жаулап алды. Әр сайлау учаскесі таңдаушыларды қабылдап, тұрғындар өз дауыстарын берді. Қызылорда тұрғындары да бұл шарадан қалыс қалмай, өз сайлау учаскелеріне қарай ағылды. Біз де оқиға орнынан ақпарат тарату үшін сайлау учаскелерін аралап көрдік. Бірінші кезекте №278 орта мектепте орналасқан №354 сайлау учаскесіне бардық.

Негізінен ел тарихындағы бұл сайлау бұрынғыдан өзгерек. Оған өзгеріс алып келген – пандемия. Сайлау учаскесіне келген таңдаушы міндетті түрде бет-перде тағуы қажет. Ол ең алдымен дезинфекциялық туннельден өтеді, содан соң дене қызуы тексеріледі. Міне, осы сақтық шараларының барлығынан өткеннен кейін ғана ол өз мекен жайына қатысты комиссия өкіліне барып, тиесілі бюллетеньдерді алады. Арнайы кабинаға кіріп бюллетеньге өз таңдауын белгілеп, жәшікке салды. Осылайша әр келген азамат елдің бүгіні мен ертеңі үшін қызмет ететін партияны таңдайды.

Жалпы әлеуметтік желіде учаскелерде орын алған келеңсіз оқиғалар жайлы ақпарат таралды. Алайда біз барған учаскелерде мұндай оқиға болмаған. Мәселен, №354 сайлау учаскесінің төрайымы сайлау барысында ешқандай мәселе туындамағанын жеткізді.

– Сайлау ел үшін маңызды науқан ғой. Сол себептен де барлығымыз бір кісідей барып, өз таңдауымызды жасауымыз керек. Мен төрайымдық ететін сайлау учаскесіне келушілер қатары көп. Сайлаушылар дауыс беру процесіне белсенді қатысуда. Дауыс беру кезінде оқыс оқиғалар, заң бұзушылықтар байқалмады. Сондай-ақ санитарлық талаптардың барлығы қатаң сақталған. Тұрғындар алғашқы сағаттанақ жоғары белсенділік танытуда, – деді Қызылорда қаласындағы №354 учаскелік сайлау комиссиясының төрайымы Эльмира Азатбаева.

2 БЕТТЕ



АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

Біз қалалық газет арқылы астана болған шақтағы Қызылорданың тыныс-тіршілігіне тоқталғанды жөн санадық. Алғашында 1925-1929 жылдардағы Алаш арыстарының Сыр бойындағы ізін зерттеу нысаны ретінде алуды көздегенбіз. Кейін бұл ойымыздан қайттық. Себебі жүрегі қазақ деп соқса да кеңестік идеологияны қолдаған Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин секілді басқа да тұлғалардың рухын қадірлеп, арыстардан бөліп-жармайық деген тоқтамға келдік. Осылайша қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінен «Ақмешіт Қызылорда болғанда» деген жаңа айдар ашып, оқырман қауымды 1925-1929 жылдардағы тарихи кезеңдердегі оқиғалардан хабардар еткенді құп көрдік.

Сұлу сырдың бойында орналасқан Қызылордадай әсем қала бір кездері ел астанасы болған. Тарихи мәліметтерді алға тартатын болсақ 1925-1929 жылдары қаламыз ел орталығы болып, қазақтың бүкіл саяси элитасы осы жерде еңбек еткен. Олардың арасында Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сынды ұлт руханиятының көрнекті өкілдері болды.

3 БЕТТЕ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

«Бауыр қымбат бірге туған құрсақтан. Өзім бауырды бәрінен де жоғары бағалаймын. Маған әуелі Алла, сосын інім тағы да жарық өмір сыйлады». Әдемі айтылған сөз, иә... Бұл – біздің оқырманымыз, шырайлы Шиелі ауданының тұрғыны Бақытжан Молжігітұлының сөзі.

БАУЫРЫНА БАУЫР БЕРГЕН

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

Қазақ «басың аман, бауырың бүтін болсын» деп тегін айтпаған. Амандық-саулықтың белгісі бауырдың бүтіндігімен өлшенген. Бұл мүше қанды тазартатын, улы заттардан қорғайтын сүзгі іспетті. Ол минутына миллиондаған улы затты ыдыратып жібереді. Алайда адамға адал қызмет атқаратын бауырдың өзі ауырса, сырқатын білдірмейді. Былайынша айтқанда бауыр айтпай азап шектіреді.

2013 жылы кейіпкеріміз Бақытжан мазасыз күй кеше бастайды. Соңында оның бауыры ауыратыны анықталды. Негізі ешқандай дертке берілмейтін ол, бұл сырқатқа қанша сабырлық танытса да шыдас бермеді. Өйткені дерттің күші уақыт өткен сайын күшейе берді.

– Жалпы көп ауыра бермейтінмін. Бірақ бала кезде сары аурумен ауырып қалғаным есімде. Содан жылдар өте бауырым мазалап, дәрігерге тексерілуге тура келді. Алматыға барып қаралғанымда ота жасау керектігі айтылды, – деді Бақытжан өткен шақты еске алып. Яғни денсаулық сақшылары кейіпкерімізге бауыр алмастыру қажеттігіне тоқталған. Ал ол үшін бауыры сәйкес келетіндей донор табу керек.

2 БЕТТЕ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ҚОЛӨНЕРГЕ ҚОЛДАУ ҚАЛАЙ?

Айдана СЕЙІЛ

Соңғы жылдары өшкенімізді қайта жаңғыртып, бабадан мирас болған құндылықты түлетуді қолға алып келеміз. Иә, бүгінде қазақы дүниелерге көпшіліктің сұранысы артқан. Кез келген жиын-тойда, іскерлік кездесу, түрлі мерекелік кеште мейманына ұлттық нақыштағы кәде сый беру үрдісі қалыптасты. Тіпті ғұрпымызға сай ұлттық киім киіп, оюлы ағаш ыдыспен тағам тарту да күнделікті тұрмыста өрістеп келеді. Ал сұранысқа, талғамға сай әрекет ету – заман талабы.

«Ел іші – өнер кеніші» деп бекер айтылмаған. Аймақта қолы алтын шеберлер жетерлік. Әсіресе, қазақылықтың иісі аңқыған ауыл тұрмысында қолөнермен айналысу кенде қалған емес. Халқымыздың байырғы тұрмысындағы киіз, текемет басу, кілем тоқу сынды өнері осындай ұлттық құндылықты ұлықтай білген ауыл жұртынан қалған дүние. Мұның бүгінде қала деңгейіне жетіп, ұлттық өнердің қайта жандануы қуантады.

2 БЕТТЕ

АТАМЕКЕН, МЕН СЕНІ БІЛЕМІН БЕ?

«Елі мен жерін сүюі үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам – Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайынды, Қапал-Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бурабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жаннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек»

(Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан)

«Арқаның ерке, сұлу Көкшетауы»

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

... Сексен көл Көкшетаудың саясында
Әрқайсы алтын кесе аясында
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі–
Көкірек қанша жұтса тоясың ба?

Бала күнімізден санамызда жатталған өлең жолдары. Шынында, біз Көкшетауды Сәкен Сейфуллиннің поэмасы арқылы танидық. Ақынның Көкше сұлулығын сөзбен суреттегенін тамсана оқып, қиялмен көз алдымызға елестеттік. Көкшенің табиғатын алыстағы ауыл балалары өлеңмен танып, кітаптағы санаулы суреттерден ғана көрді. Қазіргідей дүниені шыр айналдырып көрсететін интернетті білмейтін кез, демалысқа шығып, отбасымен саяхаттайтын дәстүр де жоқ. Еліміздегі табиғат сыйлаған сұлулықты сөзбен өрнектеп, бала қиялымызды көкке самғатқан, арманымызды биіктеткен ақын-жазушылар алдында қарыздармыз. Себебі біз айналаның сұлулығын, табиғаттың тамаша тартуын бойымызға өлең-жырмен, көркем шығармамен сіңірдік....

Газетіміздегі жаңа айдарда бұл жолы оқырмандарымызға табиғаттың тартуы аз болмаған, сал-серілердің елі, тарихи оқиғалардың куәгері болған сұлу Көкше жері туралы жазудың сәті түсті. Әрине, технократтық дәуірде Көкшенің сұлулығын сипаттау жаңалық емес. Бұл орайда оқырманға сұлулығына көз тоймайтын Көкшетаудың тарихы да терең екенін айтқанымыз жөн болар.

4 БЕТТЕ

Сайлау-2021: ҚАЛАЙ ӨТТІ? ҚАЙ ПАРТИЯ ЖЕҢДІ?

Сайлауға келіп дауыс берген жандардың көңіл-күйі көтеріңкі болғаны рас. Олардың ішіндегі ерекше жандарға комиссия тарапынан құрмет көрсетілді. Мысалы, егде жастағы және ең жас, алғашқы болып дауыс берген таңдаушыларға сыйлық табысталды. Мұндай құрметті шара №355 сайлау учаскесінде де орын алды.

– Біздің сайлау учаскесі №12 орта мектепте орналасқан. Мұнда 1722 тұрғын тіркелген, қазіргі таңда (15.00) 55 процент тұрғын келіп өз таңдауын жасады. Біздің ең алғашқы таңдаушымыз азанда 6.30-да келді. Сайлау 7.00-де басталатын болғандықтан күтуге тура келді. Шара еліміздің мемлекеттік әнұранымен басталып, алғашқы сайлаушыға өз сыйлығымызды табыстадық, – дейді №355 сайлау учаскесінің төрайымы Жадыра Садыққызы.

Негізінен қала тұрғындарының сайлауға қатысу белсенділігі жоғары деңгейде өтті. Шара барысын тәуелсіз бақылаушылар бақылап, комиссия өзіне тиісті міндетін атқарды.

***

Тарих күнтізбесінен орын алып 10 қаңтар күні де өте шықты. Бұл күннің аурасы бұрынғы күннен өзгерек болды. Сайлау деп сәресін ішпей ағылған ағайынды көрдік. Жиылған жұрттың жүзінде келешек көкжиегіне көз қадаған сенім үдесі сезіліп тұрды.

Аймақ жұртшылығын ақпараттандыруға аттандық. Алдымен №356, 369, 371, 375 учаскеге бардық. Мұнда келушілер қатары баршылық екен. Азанымен ерте келген тұрғын мен ең үлкен сайлаушыға дәстүрге сай сый-сияпат жасалды. Мемлекеттік әнұранмен басталған саяси шара жалғасын тауып жатты.

Келген халықтың дауыс беруі үшін барлық жағдай жасалған. Ереже талаптарына сай комиссия мүшелері мен бақылаушылар барлығын бағамдап, бағдарлап отырды. Орталықтағы әрбір жағдай олардың назарынан тыс қалған жоқ.

Бір қуанарлығы, сайлау учаскелерінің барлығында санитарлық нормалар қатаң сақталған. Кіре берістен бастап медициналық қызметкерлер карантиндік талаптарға сақадай сақ тұр. Кез келген келуші алдымен дезинфекциялық туннельден өтіп, дене қызуы өлшенеді. Арақашықтық сақтау мен тұрғындардың кіріп-шығатын есіктері бөлек болғандығы көңіл қуантты.

***

Елімізде ҚР Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарына дауыс беру аяқталды. Бір айта кетерлігі, биылғы Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауына қызылордалықтар белсенді қатысты. Оған біз қалада орналасқан сайлау учаскелерін аралау барысында көз жеткіздік.

Осы жылдың 10 қаңтары тарих күнтізбесінен саяси күн ретінде орын алады. Өйткені еліміз бойынша барлық жерде сайлау науқаны өткізілді. Қала орталығында орналасқан №256 сайлау учаскесінде келушілер қатары көп болды.

– Бұл – ел болашағы жолындағы таңдау деп есептеймін. Әрбіріміздің берген дауысымыз маңызды екенін ескеруіміз керек. Өзім зейнеткер болсам да таңертеңнен келіп, көңілім қалаған партияға дауысымды беріп отырмын. Жерлестерімді таңдау жасауға шақырамын. Өзің үшін, елің үшін таңдауыңды жаса. Бұл саған берілген мүмкіндік, – дейді ардагер Құттыбала Әбдуақиев.

***

Шаһардағы кезекті №264 сайлау учаскесінде халық таңертеңнен кешке дейін үздіксіз келіп өз таңдауын жасады.

– Сағат таңғы 7.00-ге дейін бақылаушыларды түгендеу, жәшіктерді бекіту, сайлау бюллетендерін тарату жұмысы жүрсе, одан кейін мемлекет әнұраны орындалып, тұрғындар дауыс беруді бастады. Сайлаушылардың белсенділігі өте жоғары. Мысалы, сағат 10.00-ге дейін 200-ден астам азамат келіп, өз таңдауын жасап үлгерді. Оған қоса, сайлау учаскесіне келген алғашқы сайлаушы мен 80-нен асқан қарт анаға арнайы сыйлық бердік, – дейді №264 сайлау учаскесінің төрағасы Бек Турмурзаев .

***

Азаматтар тұрғылықты мекен жайына қарасты сайлау учаскесіне барып, сайлауға белсене қатысты. Оны біз сайлау учаскелерін аралап жүріп байқадық. Сайлау учаскелерінің №259 бөлімінде таңдаушылар легі көп.

– Ғ.Мұратбаев көшесі №43 мекен жайында орналасқан сайлау учаскесінде таңғы сағат 7.00-ден бастап саяси шара басталды. Сайлауға келген тұрғындар қатары көп, барлығы өз таңдауын жасауда. Соның ішінде біз егде жастағы қария мен ең жас таңдаушыға арнайы сыйлығымызды табыстадық, – дейді №259 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Көктем Ерімбетов.

***

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы аяқталды. Қызылорда қаласындағы №243 сайлау учаскесінде таңертеңнен тұрғындар легі толастамай, шаһар халқы дауыс берді.

– Қызылордалықтар саяси науқанда белсенділік танытып, өз таңдауын жасады. Біздің сайлау учаскесіне 2558 сайлаушы тіркелген. Таңғы сағат 7.00-де дауыс беру басталды. Барлық сақтық шаралары сақталған. Бетпердемен кіру, антисептик қолдану, есік алдынан дене қызуын өлшеу секілді міндеттемелер толық бақылауға алынды, – деді №243 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Таубаев.

Қызылорда қаласындағы кезекті №251 сайлау учаскесі де таңғы 7.00-ден бері сайлаушыларды қабылдап, қызмет көрсетті. Тіпті сайлау учаскесінің өкілдері белгілі себеппен келе алмайтын қала тұрғындарының үйіне арнайы барып, дауыс беруге мүмкіндік жасаған.

– Шаһар тұрғындары саяси науқанда белсенділік танытып, өз таңдауын жасады. Барлық сақтық шаралары сақталған. Сайлаушылардың дауыс беруіне бар мүмкіндік жасалды. Үйден дауыс беруге тіркелген 10 тұрғынның үйіне арнайы өкілдер сайлау жәшігін апарып, олардың да саяси науқаннан қалыс қалмауын назарға алды, – деді №251 учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Қуаныш Изатуллаев.

Сайлау жергілікті уақытпен кешкі сағат 20.00-ге дейін өтті. Кейінірек сайлаудың Exit poll нәтижесі жарияланды. Қоғамдық пікір институты сайлаудан шыққан азаматтарға 600 сайлау учаскесінде сауалнама жүргізген. 24 мың сайлаушыға жүргізілген сауалнама қорытындысында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 5,75 пайыз, «Nur Otan» партиясы 71,97 пайыз, «ADAL» саяси партиясы 3,07 пайыз, «Ақжол» демократиялық партиясы 10,18 пайыз және Қазақстан Халық партиясы 9,03 пайыз дауыс жинады.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ
Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Ерсін ШАМШАДИН
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР БЕЛСЕНДІ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде 10 қаңтарда өткен ҚР Парламенті Мәжілісі және жергілікті мәслихат депутаттарының кезекті сайлауы туралы брифинг өтті. Жиында Қызылорда өңірінің сайлаудағы белсенділігі мен сайлау нәтижелері туралы ақпарат берілді.

– 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен сайлауда Қызылорда облысы бойынша «Қазақстан Халық партиясы» 3,84 пайыз, «Nur Otan» партиясы 74,46 пайыз, «Ауыл» Халықтық-демократиялық партиясы 8,70 пайыз, «Ақ жол» демократиялық партиясы 9,40 пайыз және «Adal» саяси партиясы 3,60 пайыз дауыс жинады. Сонымен қатар облыс тұрғындарының 73,90 пайызы сайлауға келген. Яғни аймақ тұрғындарының сайлауға қатысу белсенділігі Солтүстік Қазақстаннан кейінгі екінші орында, – деді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Қонақбайұлы.

«Ақмешіт-ақпарат»

БАУЫРЫНА БАУЫР БЕРГЕН

БАҚЫТЖАННЫҢ ДОНОРЫ КІМ?

«Соңы қалай болар екен?» деген Бақытжанның уайымы көпке созылмай сейілді. Себебі доноры табылды. Ол – өзінің туған інісі Назарбек Молжігітұлы. Інісінің бауыры сәйкес келіп, 2014 жылы Алматы қаласында А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында ағайындыларға ота жасалды. Отандық медицинаның озық технологиясы мен білікті мамандардың арқасында ота сәтті аяқталады.

Бауырының көп бөлігін ағасына берген Назарбек:

– Шынымды айтсам, мен бірден келістім. Қайта менің бауырым сәйкес келгеніне қуандым. Сол сәтте маған бәрінен бұрын ағамның денсаулығы, өмірі маңызды болды. Отаға дейін де, отадан кейін де екеуіміз біраз күтіндік. Оңай болмады. Бірақ қазір осы қиындықтың бәрі артта қалғанына қуанып, шүкіршілік етемін. Өмірде бәріміз үшін бауырдың, ағайынның амандығынан артық байлық жоқ екеніне көзім жетті, – деді ағасын аман алып қалған бауыры.

Бүгінде ағайынды Бақытжан мен Назарбектің денсаулықтары жақсарған. Тек жылына бір рет жаңа бауырға ие болған Бақытжан Алматыға барып, тексеріліп тұрады.

– Жалпы дәрігерлер тарапынан бауыр алмастырған да, бауырын берген екі жаққа да жақсы күтініп жүру керектігі тапсырылды. Өзім жыл сайын Алматыға барып тексерілуден өтемін. Арнайы УЗИ аппаратына түсемін. Үнемі нәтижесі оң болады. Алдымен құдайға шүкір, сосын інімнің арқасында денсаулығым қалыпқа келді, – деп Бақытжан өз бауырына алғысын білдірді. Ал бауырының біраз бөлігін берген Назарбектің де осы күні бауыры қайта қалыпқа келген. «Ағайын – ағайынның айнасы» дегендей, екеуінің арасында көпке үлгі боларлықтай жылылық, нағыз бауырға лайық сезім байқалады.

Екі жігіттің әңгімесін естіген кезде мына бір аңыз еске түсті... Бәлкім оны естіген де боларсыз.

БАУЫР ТУРАЛЫ АҢЫЗ БАР

Ертеде жаугершілік заманда бейқам отырған ауылды жау шабады. Жау жақындап келіп қалды дегенде, қолы жеткендері бір-бір атқа қонады. Алды-артына қарамай бір пақырың қашып бара жатқанда алдынан баласы мен туған бауыры қатар шығады. Сонда баласы әкесін өзімсініп, атқа қарғып мініп, мінгесіп алады. Ал дәл алдында тұрған бауыры болса жаутаңдай: «Мен жаудың қолында қалып барамын» дегендей аянышты көзбен қиыла қарайды. Қысылтаяңда бауыр мен баланы таңдау сынға түседі. Бауыр дегенде ет жүрегі елжіреген әлгі пақырың артына мінгескен ұлына бұрылып: «Атасы басқа аттан түс» деп баласын түсіріп, бауырын алып кеткен екен дейді.

Міне, бауырдың қаншалықты жақындығын осыдан біле беріңіз.

БАУЫРМАЛСЫЗ БА, ӘЛДЕ БЕЗБҮЙРЕКСІЗ БЕ?

Қазақта «Бір анадан ала да, құла да туады» деген сөз бар. Расында да, бір анадан туған әр бала әртүрлі болып өседі. Бірі өз бауырына бәрін беруге дайын бауырмал болса, екіншісі ойланып қалуға, берместің амалын жасауға даяр безбүйрек болады. Бүгінде адамның көлеңкесі секілді жеткізбейтін қу дүниенің соңынан қуып, ешкімге мән бермей, тек өзі үшін өмір сүретіндері қаншама. Тіпті ағайынның амандығынан бұрын оларға қолындағы байлығы артық көрінетіндері тағы бар. Енді бірі болмашы нәрсеге араздасып, туыстық тамаша сыйластыққа сызат түсіретіндері де табылады. Ал соңында өзі айналасындағы қоғамнан, жанындағы жақынынан, бір құрсақтан шыққан бауырынан ұзақтап, жалғыздыққа ұшырағанын сезбей қалады.

«Ағайын қадірін білмесең жалғыздық берер сазайды» деген осы. Бойындағы бауыр етін бауырына бермек түгілі бес күндік өмірде бір-біріне жылы қабақ танытып, жарқын жүзбен жарқырап отырмайтын бауырлардың бары өкінішті. Сондай да дүние үшін жоғалтпағын бауырды дегіміз келеді. Өйткені дүниенің орнын толтыра аласыз. Ал бауырды таба алмайсыз.

Басы 1-бетте

Тілші түйіні:

Иә, «Бауыр шырын, бас тәтті, ағайынмен ішкен ас тәтті» дегендей, дастарқандағы дәмімен ғана емес, ағасы үшін өз бауырымен де бөліскен қазақтың Назарбектей асыл азаматтары көбейе берсе екен дейміз. Бауырдың қадірін білетін Назарбек төрт ағайынды.

Бүгінде әрқайсысы бір-бір шаңырақ иелері. Ата-әже, әке-ана тәрбиесін көрген бауырлар осылай тату-тәтті өмір кешіп келеді. Алла оларды осындай керемет сыйластықтан ажыратпай, ұрпақтарымен әдемі әрі ұзақ өмір сүрсінші деп тілейміз. «Бауырың бүтін болсын» деген осы болар, сірә...

ҚОЛӨНЕРГЕ ҚОЛДАУ ҚАЛАЙ?

Қалаға қарасты Қараөзек ауылындағы Қаракөл елді мекенінің тұрғыны Ақлима Пірмашованы көненің көзін көрген, ұлт өнерін бойына сіңірген қолөнер шебері десек, артық болмас. Халқымыздың «Әке көрген – оқ жонар, шеше көрген – тон пішер» деген сөзі кейіпкерімізге айтылғандай. Жастайынан әжесі мен анасынан үйренгенін бүгінде іске асырып отырған жайы бар. Өнерді үйренуге деген ынтасы мен талпынысы оны шеберлікке шыңдады.

– Бала кезімде әжем ұршық иіріп, анам түрлі тоқыма тоқитын. Одан бөлек кілем, бөкебай тоқып тұрмысқа қажетті бұйымды қолдан жасайтын. Соның барлығын көріп өскен баланың оған қызықпауы мүмкін емес шығар. Қолөнерге сегіз жасымнан әуестендім. Қойдың жүнін түтіп, одан жіп иіру әжемнің, ал дайын жіптен кәдеге жарар бұйым шығару анамның жұмысы еді. Сол екі ортада мен де тоқуды, ұршық иіруді үйрендім келіп, олар жоқта дайындап жатқан бұйымдарын өз бетімше жалғастырмақ боламын. Баламын ғой мәнісін біле бермеймін, көргенімді істеймін. Сөйтіп, талай рет тоқымасын теріс тоқып, жібін ұйыстырып тастағаным бар. Сонда да бетімнен қақпай, ұршық иірудің, тоқыма тоқудың жөн-жосығын үйретті. Құрақ құрап, көрпе тігуді де меңгердім. Ал текемет басуды көрші Айқын деген апайымнан үйрендім. Текемет басатын кезде мені шақырып ою бастыратын. Менің қолөнершілік жолым осылай басталған, – деді Ақлима естелігімен бөлісіп.

Басы 1-бетте

Ойын баласының өнерге бұлай қызығуы тегінде қабілеті барын білдірсе керек. Алайда оның қызығушылығы анасының үйреткенімен басылмапты. Өз бетінше өзгеше дүние шығарғысы келіп, ойына алғанды жүзеге асырудың түрлі жолын қарастырады екен. Осылайша сол заманда құнды болған жылтырақ орамал, мата сынды тауарлар оның жаңа туындысына шикізат көзі болыпты. Балалық шақтың естелігін еске түсірген кейіпкеріміз бүгінде қажетті өнімнің қиналмай табылатынына қуанады. Оңашада ойға алғаныңды бұйымға айналдыру бүгінде қиындық тудырмайды. Базарға барсаң тілегенің іздемей-ақ табылады.

Айтпақшы, Ақлима Қуанышқызы қолөнерді табыс көзіне айналдыруды да бала кезден қолға алған екен. Моншақтан түрлі бұйым жасап, кесте тігіп оны сатып ақша тапқанын айтады. Ал кейінірек үлкен кәсіп бастауына сол тұста ауылды басқарған әкім Роза Боханова үлкен септігін тигізген.

– Ол кісі ауылға басшы болған уақытта менің қолөнер бұйымдарыма ерекше қызығушылық танытты. Осы істі әрі қарай жандандыруыма Роза Аяғанқызының қолдауы зор. Кілем тоқудан бастап, текемет басу, құрақ құрау, тоқыма тоқу, одан басқа да түрлі әшекей бұйымдар жасау қолымнан келеді. Бұйымдарды қалаға апарып сату арқылы тапсырыс алып, көптеген тұтынушылар таптым. Дегенмен кейінірек денсаулығым сыр беріп, кәсібім тұралап қалды. Қазір бәрі қаражатқа тәуелді ғой. Десе де ақырындап, қайта бастап жатқан жайым бар, – дейді ол бізбен әңгімесінде.

Қазіргідей нарық заманында халық сұранысына сай еңбек етуің керек. Сапасы мен сәні келіскен дүниеге кім-кімнің де таласы бар. Ақлима Қуанышқызы да алдына келген әрбір тұтынушының талғамынан, көңілінен шығатын дүние жасағанды құп көреді. Әңгіме барысында кейде қаражаттың жоқтығы қол байлау болатынын да жасырмады. Алайда бесаспап қыз оған мойымақ емес. Қолда бармен балаларға жүн шұлық, кеудеше тоқып сатуға шығарады. Тапсырыс түссе құрақ көрпе құрайды. Шебер кейіпкеріміздің қолынан келмейтін ісі жоқ. Өзі айтқандай, бүгінде қолдан тоқылған кілемге, киіз, текеметке көпшілік арасында сұраныс жоқ. Өйткені дайын өнімдерді базардан табады. Әйтпесе, қолөнер бұйымдарын әзірлеу оған түк те қиын емес.

Қай халықтың болмасын, ұлттық болмысы оның өнерінен көрініс тапқан. Ат ерттеп, атан қомдаған жұртымыз тек төрттүліктің жайын емес, оның өнімін кәдеге жаратуды да шебер меңгерген. Сынық инені де игілігіне жарата білген шеберлердің арқасында құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отыр. Елдің сұранысы бар, қызығушылық артқан, ұлттық өнер өркендеп келеді дегенімізбен төл өнерді түлеткендерді қашанда қолдау қажет.

АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА

Ақмешітті астана ету оңай болған жоқ. Бұған Сұлтанбек Қожанов сияқты арыстар күш салды. «Егемен Қазақстан» газетінің Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаевтың «Abai.kz» ақпарат агенттігіне шыққан «Қожановтың Қызылордасы» атты мақаласында бұл жайлы жан-жақты тарқатылады. Мұрат Ақынұлы бірінші Сырдария губерниялық партия конференциясында делегаттар тарапынан Қазақстанның астанасы ұлттың ежелгі қонысы – Ташкент қаласы болсын деген ұсыныс айтылғанын алға тартады. Осыған қарамастан, 1924 жылғы 27 қарашада Қазобкомның, ал 1925 жылғы 19 ақпанда Қазөлкекомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалған Сұлтанбек Қожанов астананы Ақмешітке көшіру керек деген ниетін байқатады. Ол Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған уақытында – 1922 жылғы 12 сәуірде арнайы қаулы шығарып, өзі тарихи атауын қайтарып берген Ақмешіт қаласын ел кіндігі етуге күш салды.

Сұлтанбек Қожанов 1924 жылдың 17 желтоқсандағы санында «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек» – деп жазды. Сол тұста басқа да қалалардың астана болуға лайық екені айтылған. Кеңестік Қазақстанның тұңғыш астанасы Орынбор қаласы болған тарихтан белгілі. Ұлт мәселесін ұдайы талқылап отырған билік Бүкілресейлік жұмысшы-шаруа қызыл армия депутаттарының XII съезінде республиканың орталық қаласын қазақ жерінің ішкі аймақтарына ауыстыру мәселесін көтерген-ді. Астананы анықтау жөнінде құрылған арнаулы комиссия Қазақ Автономиялы Кеңестік Республикасының астанасы болуға лайық қалалар қатарында Ақмола, Әулиеата, Шымкент, Ақтөбе, Ақмешіт қалаларын атады. Тарихи таңдау Ақмешітке түсті.

Архив құжаттарын негізге ала отырып, тарихи деректерді сөйлетер болсақ, 1925 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР кеңестерінің Y съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері Ақмешітке келген. Осы қалада сол кезде бес күнге созылған съезд өтіпті. Бұл жайында облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Г.Жалғасова «Алаштың алты қанат ақ ордасы» атты мақаласында: «15 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің Y съезі салтанатпен ашылды» деп жазады. Бұл съезде ұлтымыз бен қаламызға қатысты екі тарихи шешім қабылданған. Олар ресми құжаттарда қырғыз аталып келген ұлт атауын қазақ етіп, тарихи қателікті жөндеу және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту болды.

Жалпы ұлт атауына қатысты тарихи қателікті жөндеу жайлы мәселені қайраткерлер бұған дейін де көтерген. Дәлелді алыстан іздемей-ақ ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектеріне үңілейік. Ол Сәкен Сейфуллиннің тәуелсіздік жылдарына дейін беймәлім болып келген бірнеше мақаласын тапқан. Соның бірі – 1923 жылы жазылған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы. Анығырақ айтатын болсақ, 1923 жылы «Еңбекшіл қазақ» газетінің №66 санында осы мақаланы Сәкен Сейфуллин Манап Шамиль деген бүркеншік есіммен жазған. Тарихи дерек ретінде ұсынып отырған соң Сәкендей тұлғаның осы бір мақаласының «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан нұсқасын толық бергенді жөн көрдік.

Басы 1-бетте

«Бүгінге шейін қазақты орыстар «киргиз» деп келді. Не себепті қазақты орыс «киргиз» деп кеткенін тексермей-ақ, ол «киргиз»-қырғыз деген аттың қалайша жалпы қазаққа жапсырылып кеткенін баяндамай-ақ, енді бұл тарихи қатенің түзетілуі керек екенін жұртқа айтқым келеді. Орыстың патшасы қазақты қаратып

алып, жалпы қазаққа «киргиз» деп ат жапсырылған соң, қазақ халқын оңай қаратып алған соң орыс патшасының төрелері, жасауылдары қазақты бір түрлі, құр, мүгедек, мақау жануар деп санап, «киргиз» дегенде бір түрлі менмендік қиянатпен, қорлаған мазақпен айтатын болды. Ақ патшаның «шарапатына» мәз болған мырзалар қазаққа жоғарыдан төмен қарап, тұмсығын көкірейтіп, пысқырып, «киргиз» дейтін болды. Төрелердің қатындары итіне ұрысқанда: «Ах, ты, полкан! «Киргиздан» да жамансың!» дейтін болды. Ақ патшаның жасауылдарының, төрелерінің бұл аңыздары орыстың надан халықтарының араларына да жайылды. Келе-келе тұрмыстың игілігін өзгелермен бірдей ешуақытта қазақтың көруге лайығы жоқ деп ойлайтын болып, қала тұрмысына түсіп, оқып, тазарақ тұра бастаған қазақты көрсе таңырқап: «Қарашы, тіпті өзін «киргиз» дейтін емес!» деп тамсанып жүретін болды. Қазақтың бір қылығын жақтырмаса: «Белгілі, енді киргиз болған соң қайтушы еді!» дейтін болды. Қырға шыққан шабармандары, жасауылдары қазаққа зорлық қылғанда, қазақты қорқытқанда көзін алартып, тісін қайрап: «У, киргиз-з-з!» дейтін болды.

«Киргиз» дегенді әлгі мырзалар бір түрлі ызбарланып, тістеніп айтатын болды. Енді ол күндер өтті. Октябрь төңкерісі қазаққа бұлай қарауды тиды. Енді қазақ та – бір, басқа халықтар да – бір. Қазір әр жерде осындай тарихи қателерді түзетті һәм мұндай түзетілген аттарды Совет үкіметі де қатты ықтиятпен қабыл алды. Мәселен, Хиуаны қазір «Хорезм жұрты» дейтін болды. Сартты «өзбек» дейтін болды. Һәм бұл түзетіліп қойған аттарды Совет үкіметі қолданып кетті. Біз «киргиз» деген атты жоғалтып, «қазақ», «қазақ» деп кетсек, басқа халықтар да бізді «қазақ» деп осы атты қолданып кетпек. Біздің бір үлкен кемшілігіміз – осы күні басқа жұрттан бұрын өзімізді өзіміз «киргиз» дейміз. Әуелі, біздің «Қызыл Қазақстан» журналы орысша «Қызыл Киргизстан» деп аталады. Бұл біздің едәуір әлсіздігімізді көрсетеді. Егер де біздің қазақ жігіттері бұл қатені түзетеміз десе оп-оңай түзетіп әкетер еді. Біздің әр қазақ жігіті «Кир» деген періні тастап, қоймастан «қазақ», «қазақ» деген сөзді жұмсап, басқа жұрттың құлағына сіңдіріп үйрету керек.

Қазақстанның орталық үкіметі «киргиз» деген есімді жойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек. Қазақты «қазақ» дейік, тарихи қатені түзетейік!».

Ұлт атауы зиялы қауымды бейжай қалдырмады. Бұған Шоқан Уәлихановтың орыс зиялы қауымының алдында «Біз қырғыз емеспіз, біз қазақпыз» деуін және Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов шығарған газеттің басқа емес дәл «Қазақ» аталуын да айғақ етуге болады.

Ұлттың атауына келгенде бәрі түсінікті, ел қамын жеген азаматтар

45.

2. О ВОССТАНОВЛЕНИИ ИМЕНИ «КАЗАКИ» ЗА КИРГИЗСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОСТЬЮ

(Постановление)

Для восстановления исторически верного имени киргизского народа V съезд Советов постановляет впредь именовать киргиз — казаками.

(19 апреля 1925 г.)

(V съезд Советов КАССР, стр. 3)

10. О ПЕРЕИМЕНОВАНИИ ГОРОДА «АК-МЕЧЕТЬ» В ГОРОД КЗЫЛ-ОРДА (КРАСНАЯ СТОЛИЦА)

(Постановление)

Центр Казакской Автономной Советской Социалистической Республики, бывший город Ак-Мечеть (бывший Перовск) впредь именовать гор. Кзыл-Орда.

19 апреля 1925 г.

(V съезд Советов КАССР, стр. 32)

О ПЕРЕИМЕНОВАНИИ КИРГИЗСКОЙ АССР В КАЗАКСКУЮ АССР

Постановление Президиума Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета от 15 июня 1925 г.

(«Известия ЦИК СССР и ВЦИК», № 142, от 25-го июня 1925 г.)

В соответствии с волей трудящихся Киргизской автономной Советской Социалистической республики, выраженной на 5-м съезде Советов Киргизской Автономной Советской Социалистической Республики Президиум Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета **постановляет:**

Переименовать Киргизскую Автономную Советскую Социалистическую республику в Казакскую Автономную Советскую Социалистическую республику.

әбден ойланып, толғанып барып қабылданған шешім. Ал Қызылорда атауы ше? Бұл жайында тарихшы ғалым Х.Тұрсын өзінің «Алаш қозғалысының оңтүстік қағанаты» атты еңбегінде архив құжаттарына негізделген мәлімет келтіреді. Бұл деректер «Движение Алаш (сборник материалов судебных процессов над Алашевцами)» деп аталатын Еуразия ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының жетекшілігімен шығарылған үш томдық кітаптың үшінші томында да берілген. Ғылыми еңбекке Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабы енгізілген. Онда: «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түскі ас іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан «неге?» деп сұрадық. Бұл қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезде кезектен тыс сөз алып, ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс Қырғыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек десе, екіншісі – Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» делінген. Бұдан Қызылорда атауын съезде көпшілікке ұсынған Сұлтанбек Қожанов болса, оны ойлап тапқан Қоңырқожа Қожықов екенін көруге болады.

Тәуелсіздік алғалы бері Қызылорда атауына байланысты түрлі пікір айтылуда. Жалпы Қызылорда сөзін кеңестік заманмен байланыстыратындар аз емес. Сол себепті «Ақмешіт» немесе «Қамысқала» деген тарихи атауын қайтарайық деген де бастама көтерілді. Тіпті облыс атауын Сырдария деп өзгертейік деген ұсыныс та болған. Ақмешітті Қызылорда деп атаған арыстарымыздың бізден әлдеқайда білімді, қай жағынан келсе де он орап алатын қабілеті болғанын ескеруіміз қажет. Осы ретте өткен жылы филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата университетінің профессоры Аман Абасиловтың облыстық «Сыр бойы» газетіне жарияланған «Қызылорда атауына терең бойласақ» деген мақаласынан үзінді келтіре кетейік. Ғалым: «Ол заманның зиялылары алыстан ойлайтын ұлылар, абыздар ғой. Алаш арыстарының азат ойлай алатыны, сөз мағынасы тек лингвистикалық білім ғана емес, дүниелік білім беретіндігіне де жіті көңіл аударғаны таңғалдырады. Белгілі әдебиетші-ғалым Ғабит Тұяқбаевтың Әзербайжан еліне барған іссапарында өзін қарсы алған әзербайжан әріптестерінің «Қызылорда» атауын «Алтынорда» мағынасында қолданғанына риза болдым деп айтқаны бар еді. Міне, бұл атаудың түркілік дүниетанымды білдіретіндігінен де хабар береді. Сондықтан «Қызылорда» атауына сол ұлыларымыз сияқты байыппен қарағанымыз дұрыс» деген пайым жасайды.

Қалай десек те Қызылорда атты қаланың жаңа атауы 1925 жылы жұртшылық тарапынан қолдау тапты. Қызылорда уездік қалалық Советі атқару комитеті осы тұрғыда жаңа қаулы шығарып та үлгерді. Бұл қаулыға сәйкес барлық мемлекеттік кооперативтік және тағы басқа ұйымдар, өндіріс орындарын, мекемелер басқа ұйымдар, бір ай мерзім ішінде барлық штамптар мен мөрлерін ауыстыруға міндеттелді.

Астана мәртебесіне қол жеткізгеннен соң түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іргетасы қалана бастады. Орта және арнаулы оқу орындары бой көтерді. Тағы бір айта кетерлігі, ғылыми-зерттеу, жер қыртысын зерттеу, мал дәрігерлік-бактериологиялық және де басқа институттар өз жұмысын осы қалада бастаған.

Сол тұста әуе қатынасы мен байланыс жүйесі іске қосылды. 1926 жылы маусым айында аспанға тұңғыш рет Қызылордадан ПО ұшағы көтеріліп, Мәскеуге бет алды. Бұл ұшақ Қазақ Республикасының астанасы Қызылордадан Мәскеуге әуе жолын ашқан алғашқы рейс болатын. 1925-1926 жылдары білім беру институты, кеңес-партия мектебі, медицина, қаржы, көлік-механикалық, геоботаникалық сала мамандарын дайындайтын техникумдар ашылды. Тұңғыш театрмен қатар «Еңбекші қазақ», «Советская степь» республикалық басылымдары шыға бастады.

Кеңес заманында қалада қатырма қағаз, аяқ киім, механикалық және күріш зауыттарымен қатар бірнеше фабрикалар іске қосылды. Қызылордада педагогикалық институт пен Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институттарының филиалы және бірнеше арнаулы оқу орындары жұмыс істеді. Облыс көлемінде көптеген мектеп салынды.

Атынан айналайын, Ақмешіт, бүгінде ерекше қарқынмен дамып келеді. Соңғы деректер бойынша аймақта 800 мыңға жуық адам тұрады. Сылаң қаққан Сыр мен қарт Қаратауды, Қызылқұм мен Бетпақ даланы қабат қоныстанған облыс аумағы да кең. Оның жалпы көлемі – 226 мың шаршы шақырым. Бұл – бүкіл қазақ жерінің 8,3 пайызы. Еуропаның Австрия, Венгрия, Бельгия, Чехия, Швейцария сынды мемлекеттері облыс төңірегіне түгелдей сияды. Тіпті алпауыт саналатын Германия жері Қызылорданың аумағындай ғана екен.

Біз облыс аумағының кеңдігін ғана сөз еттік. Оның көркемдігін тілмен жеткізу, тіпті, мүмкін емес. Аралдан Жаңақорғанға дейінгі аралық небір кереметтерге толы. Ал енді Сырдың бас қаласы – Қызылорда жайында сөз қозғайық. Бұл қала Ақмешіт, Перовск, Қызылорда, секілді әр кезеңдерде әртүрлі атауға ие болған. Тарихи деректерге сүйенсек, 1818 жылы Қоқан хандығы кезінде Сырдария бойында алғаш қорған ретінде салынған. Оның ішіндегі ақ кірпіштен өрілген мешіттің түсіне сай бекініс Ақмешіт деп аталды. 1853 жылы Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский қоқандықтармен соғысып, жеңіске жетеді. Қала Перовск аталып, 1867 жылы ол Сырдария уезінің орталығына айналады. 1922-1925 жылдары қала қайтадан Ақмешіт атанды.

Еліміз тәуелсіздік алған соң Қызылорда өз дамуын тоқтатқан емес. Бүгінде халықтың әл-ауқаты артып, қаланың аумағы кеңейіп келеді. Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысандары салынды. Аймақта Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік және Болашақ университеттері мен бірнеше колледждер жұмыс жасауда. Олардан білім алған шәкірттер еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салада қызмет атқаруда. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары салынды. Бүгінде облыс даму қарқыны бойынша еліміздегі көшбасшы аймақтар қатарына қосылды. Әртараптандыру шаралары белсенді түрде жүргізілді. Нәтижесінде аймақ экономикасының жаңа құрылымы қалыптасты. Тұрғын үй құрылысы бойынша да ауыз толтырып айтарлық жаңалық жеткілікті. Тіпті Сырдарияның сол жағалауынан жаңа қаланың іргесі бой көтеруде. Облыс аграрлық аймақтан индустриалды-аграрлық өңірге айналды. Соңғы жылдары 30-дан астам жаңа мұнай кеніштері ашылды. Уран өнеркәсібі дамытылуда. Әлемдегі ең ірі ванадий кенішінің бірі – «Баласауысқандық», алтын, басқа да бағалы кен орындарын игеру қолға алынған. Әлемдегі ең ірі қорғасын-мырыш кен орны – «Шалқияның» жұмысы қайта жанданды. Шикізаттық емес секторды дамытуға да ден қойылған. Қазір тамақ, құрылыс және химия өнеркәсібін дамыту бойынша жұмыстар атқарылуда. Облыс орталығында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары өңір әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

Осы мақаланы дайындау үшін де архив деректері мен бұған дейінгі еңбектерді сараладық. Облыстық кітапханаға барып, бірнеше туындыны оқыдық. Байыптап қарасақ, Ахмет Байтұрсыновтың «Әліп Би» (Жаңа құрал) атты еңбегі 1926 жылы Қызылордада басылыпты. Бұл кітап осы күнге дейінгі жарық көрген басқа да әліппелердің бастауы екенін ұмытпау қажет. Бұдан бөлек Сәкен Сейфуллиннің «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар», «Экспресс» атты туындылары, Ілияс Жансүгіровтің «Сықақ», «Шәркей», «Сағанақ», «Жаңқа» атты кітаптары да Қызылорда астана болған кезде осы қаладан шыққан. Бүгінгі психологтар негіз ететін Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» атты еңбегі де, Тұрар Рысқұловтың «Қазақстан» атты туындысы да Қызылордадан шыққан. 1929 жылға дейін жарық көрген кітаптардың кейбірі төте жазумен басылған. Бұл еңбектер бүгінде Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың «Сирек қорлар» бөлімінде тұр. Бізге Гүлдерайым Қосназарова мен Жанна Сәрсеновадай кітапханашылар жөн сілтеп, сұраған кітабымызды тауып берді. Бұл жерде Ораз Исаев пен Смағұл Сәдуақасовтың да дүниелері бар екенін айта кеткен жөн.

Қала ахуалына қатысты белгілі бір кезеңді қамту үшін Қызылорда тарихы жайлы кітаптарға ден қою керек. Сыр өңірінің бас қаласы жайында зерттеушілер бірқатар еңбек жазған. Мәселен, «Сыр өңірінің тарихы 1998 жылы көне заманнан бүгінге дейін», М.Кереев пен Қ.Ахметовтің «Ученые записки», қаланың 150 жылдық даму тарихын қамтитын «Город Сырдарье» атты еңбектер мен Қ.Ахметованың «Преображенная земля» кітаптары сөзімізге дәлел бола алады. Мұнан бөлек 1980 жылы баспадан шыққан Ы.Қалиев пен Е.Шілдебаевтың «Дария жағасындағы қала» атты еңбегі, Тәңірберген Мәмидің «Қызылорда астана болғанда» еңбегі 1920-1930 жылдардағы ауызша-жазбаша деректерді сипаттайды. Мәди Кереев пен Бақберген Досмағамбетовтің қаланың 180 жылдығына арналған «Қызылорда» кітабы, 2002 жылы Жақсылық Рахматулланың «Тәуелсіздік толғауы», Кемелбек Сағымбайұлының «Қазыналы Қызылорда» туындылары қала тарихына бағытталған шығармалар қатарына кіреді. Біз газетіміздің алдағы санында осы және басқа да еңбектерді басшылыққа алып, архив құжаттары мен музей жәдігерлерін негіз етіп, мақалалар топтамасын ұсынатын боламыз.

«Арқаның ерке, сұлу Көкшетауы»

Табиғатының көркемдігі жөнінен әлем курорттарының ішінде жетекші орындардың бірін иеленетін Бурабай көлі теңіз деңгейінен 320,9 метр биіктікте орналасқан. Мұнда «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы да бар. Ол 2000 жылы құрылған. Аумағы – 83 510 гектар, оның ішінде 47 361 гектары, яғни тең жартысына жуығы – ну жасыл орман алқабы. Мұнда хайуанаттар әлемінің 305 түрі бар, оның ішінде 87-сі – сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері: сібір елігі, қабан, бұлан, қасқыр,түлкі, қарсақ, борсық, сарықүзен, орман сусары, сілеусін бар.

Халық арасында «Кенесары үңгірі» деп аталатын бұл үңгір Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай 0,5 км жерде, Ақмола облысының Бурабай ауданында орналасқан. Аласа шоқының үстінде орналасқан бұл үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған. Үңгірге кіре берістегі қуыстың биіктігі 3 метрдей.

«Жер шоқтығы – Көкшетау» атты кітаптың авторы Жанайдар Мусин Көкшені былай сипаттайды: «Халық Көкшетау атап кеткен, Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі көгілдір таулы өлке батысынан-шығысына қарай төрт жүз-бес жүз шақырымға созылып жатыр. Ені де аз емес, оңтүстіктен-солтүстікке қарай екі жүз шақырымға жетеді. Көкшенің көгілдір таулары асу бермес асқарлар емес, сайын дала, жалпақ жазира төсінде киіктің лағындай еркелеп, құралайдай құлпыра қызықтырып, келсеңші қалқам деп, еркелей қол бұлғап, жібек орамалы өзіне ынтықтырып тұрған ару таулар. Болмыс-бітіміңді баурап алатын ару таулардың ең биігі Көкше қырқасынан сырлы әлемге көз салу үшін 947 метр биіктікке көтеріліп шығасың. Көкшетауға, ғажап өлкеге көзің жеткенше қызыға қарайсың» деп жазады. Көкшенің ерекшелігін жолсапарына арқау етіп жүрген журналист Асылбек Байтанұлының мына мәліметі Көкшетауды тануға ұмтылған оқырманға қажетті ақпарат десек те болады.

«Көкшетау қайсы?» – десе былайғы жұрттың біразы Көкшетауды осы аттас қала орналасқан жердегі тау деп түсінеді. Бұл, әрине, жаңсақ таным. Сондықтан да «Көкшетау» атауына қатысты үлкен үш түрлі географиялық-аумақтық ұғым барын ажырата білу керек.

Біріншіден, Көкшетау, бұл – тау. Көкше тауы – баурайында әйгілі Бурабай курорты орналасқан және осы Бурабай ауданы жеріндегі тау. Көкше таудың ең биік нүктесі – Бүркітті шоқысы 947 метр.

Екіншіден, Көкшетау – қала. Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласы жоғарыда айтылған Көкше биігінен батысқа қарай 70 шақырым жерде орналасқан. Ресей патшалығы 1822 жылы 22 шілдеде «Сібір қырғыздары туралы» жарғысы негізінде хандық билікті жойды. Жалпақ жатқан Орта жүзді ұсақтап сегіз дуанға бөлшектегенде, соның бірі болып Көкшетау құрылыпты. Орталықтан келген жер өлшеушілер қазіргі Шучье қаласы маңына болашақ дуан орталығының қазығын қағып кетеді. «Ел ақсақалдары ақылдасып, бұл белгіні Бұқпа тауының етегіне апартып тастаған екен» дейді – ел аңызы. Дулығасын баса киіп ұйқыға кеткен Жекебатыр, көк мұнар шың Көкшетау, текше қия Оқжетпес, Күміс көл мен Әулиекөл, Әулиекөлдің ортасындағы Жұмбақтас, Абылайдың ақ алаңы секілді тұнған киенің аз күн болса да, доңыздың тұяғына тапталып, құты қашпасын деген жанталас айласы екен бұл.

Бұқпа тауының етегінде, Қопа көлін кенерелей, Қылшақты өзенін жағалай қанат жайған Көкшетау қаласының тарихы 1824 жылдан басталады. 150 мыңдай тұрғынның 60 пайыздан астамы қазақ. Жыл сайын ұлттық бояуы қалыңдап келе жатқан қала.

Үшіншіден, Көкшетау – Қазақстанның аумақты тарихи-географиялық өңірі. Қазақстанның солтүстік бөлігіндегі Көкшетау алабына Ақмола облысының Бурабай, Зеренді, Біржан сал, Сандықтау аудандары мен Солтүстік Қазақстанның Айыртау, Есіл, Тайынша аудандарының таулы-қыратты көркем өңірлері кіреді. Көкшетау алабында Көкшенің биігінен өзге Жақсы Жалғызтау, Сандықтау, Жыланды, Имантау, Қошқарбай, Зеренді, Желтау, Айыртау, Сырымбет, Бұқпа т.б. аласа таулар желісі бар. Көкшетау тауларының ең қиыр солтүстігінде атақты Үкілі Ыбырайдың ата-бабалары мекен қылған Жалғыз тау мен мұндалайды. Одан беріректегі Сырымбет тауы – Орта жүз ханы Уәлидің ханымы Айғанымның құтты қонысы, ғылымның жарық жұлдызы Шоқан Уәлихановтың балалық шағының куәсі. Сырымбеттен бергі егіз шоқылы Айыртаудың бауырындағы Саумалкөлмен қанаттас жатқан Қоскөл – сері Ақанның ит жүгіртіп құс салған, Құлагер тұлпарын баптап қосқан базарлы дәуренінің куәсі, Қорамса байдың мекені. Көркем Елікті мен зерлі Зерендінің шығысында мұнартқан Желтаудың бауырындағы Қойсалған – «ту баста Абылайды хан көтерген» Қарауыл Қанай биден тараған алты ауылдан шыққан көрнекті тұлғалардың бірі – батыр-ғалым Мәлік Ғабдуллиннің кіндік қаны тамған жер. Көкшетаудың шығысы мен оңтүстігінде Қарақалпақ, Көкшоқы, Намазғұл тағы басқа да тау шоқылары жатыр. Әр-қайсысының өз аңызы бар. Сүйген жігітімен ну жынысты тауға қашып кетіп, екеуі де қайғылы қазаға ұшыраған Мақпал қызды еске салатын Мақпал тауы да осы маңда. Балуан Шолақтың ата қонысы Тастыөзек те Көкше биігінен соншалықты алыс емес. Көкше тауының батыс солтүстігінде, Ханның Қызылағашы, Ханыскеймен (Ханская Ставка) қатарлас жатқан Қарақалпақ тауының бауырында Уәли хан жерленген. Көкшенің шығысындағы Көкшоқының тұғыр тасына шығып Біржан сал кешкі тымықта ән салғанда етегіндегі Жөкей көлінің айналасындағы 7 шақырым қашықтықтағы ауылдарға даусы еркін жетіп жатады екен. Көкше биігіне шығып көз салсаңыз, алыстан қарауытып жоғарыда атаған Зеренді, Қошқарбай, Еліктіден өзге, Жыланды, Сандықтау көзге шалынар еді. Ну орманмен көмкерілген, сай-саласы өзен-бұлақ, аясы айнадай көлдер жарқыраған бұл таулардың қолмен жиған сандықтай текше тастарын көрген жанның ойына:

– О, ғажап!

Өзіңбісің Көкше деген?!

Тастарын жиған жүктей текшелеген, – деген Мұқағали ақынның жыр жолдары – еріксіз оралары анық. Міне, көрікті Көкшетау өңірінің аясындағы сансыз көлдерді халық жуық шамалап «Көкшетаудың сексен көлі» деп атайды. «Сексен көл – Көкшетаудың саясында, Әрқайсы алтын кесе аясында» – дегендей, Көкшетау көлдері туралы әңгіменің арқауы да тым ұзақ... Шиырып айтқанда, «Көкшетау» атауына қатысты басты басты үш ұғым осы.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ «ШВЕЙЦАРИЯСЫ»

Көкшетау десе, ең алдымен ауызға ілінер әйгілі көл – Нұр-Сұлтан мен Көкшетау қалаларынан бірдей қашықтықта, екі аралықта орналасқан Бурабай көлі. Сексен көлдің ішіндегі бір төбе саналатын оның суы тұщы және таза. Мөлдірлігі сондай, тіпті ең терең жеріндегі су асты өсімдіктері мен балықтар да көзге айқын көрініп тұрады. Көлдің айналасы – сыңсыған қалың қарағайлы, қайыңды орман. Көкшенің әйгілі шоқылары – «Жұмбақтас» пен «Оқжетпес» Бурабай көлін ерекше көрікті етіп көрсетеді. Сол себепті жұрт оны «Қазақстан Швейцариясы» деп те атайды.

Табиғат жомарттығын аямаған Көкше жеріндегі әрбір тау-тастың мазмұны, айтылар аңызы бар. Мәселен, «Оқжетпес» шыңы туралы аңыздар жетерлік. Ағартушы-ғалым Шоқан Уәлиханов он бестен астам аңыз әңгімелер жинаған екен.

Әйгілі «Оқжетпестен» берге туысқандай болып бірінен-бірі сәл қалқыңқы бой түзеп тұрған үш шынарға еріксіз көзіңіз түседі. Жергілікті халық «Үш діңгек» деп атап кеткен. Апалы-сіңлілі үш ару деген есімі де арагідік айтылып жүр. Осы орайда бір аңыз мынадай сыр суыртпақтайды:

«Ертеде Қарауыл ауылдарының бірінде көркіне көз тоймаған апалы-сіңлілі үш қыз өмір сүреді. Орталарындағы жалғыз бауырлары Оқжетпес батыр болып өседі. Бір күні тұтқиылдан баса-көктеп кірген жау елді шауып, үш ару мен батырды қоршауға алады. Төртеуі жаумен шайқасып, шегіне береді. Қаптаған жауды жеңе алмасын білген олар «туған жерімізді мынадай жауға қалай таптатамыз?» деп қасқая тұра қалады да шапса алмас қылышы майырылатын, сүңгітсе қара найзасы қайырылатын, атса оғы асып түсе алмайтын қамал тасты тік қаптал құзар шыңдарға айналып кетеді. Бұл көріністен зәресі ұшқан жау тым-тырақай қаша жөнеледі...

«Жұмбақтас» туралы да аңыз аз емес. Бір аңызда «Хан алдында басына теңдік тимейтінін сезген қалмақ қызы Оқжетпестен көлге құлаған кезде қаздар қиқулап, қанаттарын сабалап жүргенде су астынан шашын жайған қыз бейнесіндегі тас су ортасынан шыға келеді...

Табиғатының көркемдігі жөнінен әлем курорттарының ішінде жетекші орындардың бірін иеленетін Бурабай көлі теңіз деңгейінен 320,9 метр биіктікте орналасқан. Мұнда «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы да бар. Ол 2000 жылы құрылған. Аумағы – 83 510 гектар, оның ішінде 47 361 гектары, яғни тең жартысына жуығы – ну жасыл орман алқабы. Мұнда хайуанаттар әлемінің 305 түрі бар, оның ішінде 87-сі – сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері: сібір елігі, қабан, бұлан, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, сарықүзен, орман сусары, сілеусін бар.

АБЫЛАЙ ХАН АЛАҢЫ

Зерттеушілердің айтуынша, бұл жерде қазақ халқының тікелей болашағына қатысты тағдырлы шешімдер қабылданып отырған. Бүгінде Абылай хан стелласы аталатын биік мұнарадан небары 120 метр жерде гранит тасынан жасалған тағы орналасқан. Көкше тауының бөктеріндегі бұл тақты жергілікті тұрғындар киелі жер деп есептейді. Себебі бұл жерде расында да тақ болған екен. Абылай хан сол тақта отырып үлкен жиындарға басшылық жасаған, өз кесімін шығарып, бұйрықтарын бекіткен. «Абылай ханның алаңы» деп аталатын бұл жерден төңірек расында да алақандағыдай болып көрінеді. Бір ғажабы, алаңдағы барлық дауыстар өте алыстан, әрі анық естіледі. Көнекөз қариялардың айтуынша, бұл маңайда кезінде Абылайдың атымен байланысты екі алаң болғанға ұқсайды. Олар «Үлкен алаң» және «кіші алаң» деп аталған. Сонымен қатар бұл маңайда «Ханның қызыл ағашы», «Ханкөл», «Төре Қызыл ағашы», «Қымызнай», «Ораз бұлағы», «Аталықтың ауылы», «Қара қыстақ», «Жұмақай қыстау», «Текекөл», «Жайнаққөл» секілді тікелей Абылай атына қатысты көптеген тарихи мекендер бар.

КЕНЕСАРЫ ҮҢГІРІ

Халық арасында «Кенесары үңгірі» деп аталатын бұл үңгір Бурабай көлінен оңтүстік-батысқа қарай 0,5 км жерде, Ақмола облысының Бурабай ауданында орналасқан. Аласа шоқының үстінде орналасқан бұл үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған. Үңгірге кіре берістегі қуыстың биіктігі 3 метрдей. Ол екі бөліктен тұрады. Оларды бір-бірімен тар қуыс жалғастырады. Екінші бөліктен сыртқа шығатын ауыз бар. Бекініске өте қолайлы жер. Халық арасындағы аңыздарда Кенесары ханның бұл жерде бекінісі болғанын жазады. Тағы бір аңыздарда Хан Кененің аңға шыққан кезінде келіп тынығып, түнеп жататын орны болған. Бүгінде Кенесары үңгірі де туристердің ең көп баратын орындарының бірі.

КӨКШЕТАУ ҚЫМЫЗЫ

«Ал қазақ қымызы, оның ішінде Көкшетау қымызы артық бағаланған ғой. Олар санаторий салмаса да өкпе дертіне, яғни жіңішке ауруға шалдыққан жанашырларына қарағайлы орманның бір алаңқайына киіз үйді тіктіріп тастап, сары қымызды сапыра ішкізіп, ауырғанды қайтадан қатарға қосып алады екен. Орыстың белгілі жазушысы Мамин-Сибиряк әлгі Самара қымызын да, Уфа қымызын да онша менсінбей, Көкшетаудың қымызын-ай деп аңсапты. Көкшетаудың қымызы-ай десек те сол бір дәрулі сусын мұнда демалуға келгендердің бәріне бірдей жете бермейді. Бұл сұранысты өтеу үшін «Қымызнай» ауылындағыдай екі-үш жаңа комплекс ашу керек. Сонда ғана Көкшетау қымызының даңқы қайта дәуірлейді. Сонда ғана жер шоқтығы Көкшетау атына заты сай болады. Бұл – бүгінгі біз, келешек ұрпақ ойлайтын халық аманаты демекпіз» деп жазады Жанайдар Мусин.

Ауасы да, табиғаты да, тіпті сусыны да дертке дауа болған Көкшетау – шипа іздегендердің ғана емес, туристер жыл сайын ағылып келетін мақтаулы аймақ. Әрине, сексен көлдің айналысындағы туристік аймақты әлі де дамыту күн тәртібінен түспей келеді.

АРҚАДАН СЫРҒА ЖЕТКЕН ӘНДЕР

Сұлу көкше таланттыларға кенде емес. Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Біржан сал секілді дарындар туған Көкше жерінен айтылған ән сол кезде-ақ Сырға дейін жетіп жататын. Бұл туралы белгілі жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов: «Көгілдір таулар еліне келген сайын осы өлкенің өткен кездегі ұл-қыздары есіме түседі. Әне бір кезде бұл өңірде сұлу қыздар, сылқым жігіттер серілік, салдық құрды. Ел еркесі серілер – желмен жарысқан саңлақ жүйріктерді таңдап мініп, сәнді шапан киді. Көкшетауда Біржан сал, Айыртауда Ақан сері сияқты атышулы ақын, әншілер сол бір тұста Арқаның өнерлі жастарына ту болып, шоқтай екшеліп шығып еді. Ұлттық театры болмаған елге сал-серілер рухани ұйытқы болып, көшпелі халықтың ылғи ән үстінде басын қосып, ойын-сауыққа қарық қылып тастайтын. Біздің жақтың көнекөз қариялары әлі күнге есіне алып, аңыз етіп айтып отырады. Арал өңірін жайлайтын біздің ел ол кездерде қыстық азығын күз басынан қамдап, балықшы ауылдың ер-азаматтары Арқаға аттанады екен. Арқаға барған қалашылар түйе қомына теңдеп алып қайтқан қап-қап астықпен бірге Біржанның, Ақанның, Ыбырайдың, Балуан Шолақтың әндерін теңіз жағасына ала келетін еді» деген екен.

БОТАЙ ҚОНЫСЫ МУЗЕЙГЕ АЙНАЛДЫ

2018 жылы Елбасымыздың рухани жаңғыруға үндеген мақаласында атап айтылған қазақтың жылқыны мінуге үйреткен жері – Ботай қонысы Бурабай қойнауында ашық аспан астындағы музей болып ашылды. Көкшетауға жол түсе қалса, танымыңызды кеңейтер рухани азық алатын тағы бір мәдени орын қосылды деп есептей беріңіз.

Археолог ғалымдардың пайымдауынша, Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданының Никольское ауылынан бір жарым шақырым жердегі сонау энеолит дәуірінде Қазақстанның солтүстігін мекендеген тайпалар мәдениетінен тылсым сыр шертетін көне қоныс – талай құпияны қойнына тығып жатқан ежелгі мекен. Жалпы аумағы 15 гектар жерді алып жатқан ежелгі адамдар қонысынан 150-ден астам үйдің орны табылған. Ғалымдар ежелгі тұрғынжайларды қазып, қайта тұрғызуға мүмкіндік алған. Ежелгі тұрғынжайлардың қабырғасының ені бір метр шамасында, ал биіктігі 70-90 сантиметр мөлшерінде. Қабырға периметрлері бойынша бөренеден өрілген, түтін шығатын шаңырақ пішіндес тесік жасалған. Кәдімгі қазақтың киіз үйлері кейпінде.

«Бурабай баурайындағы Ботай қонысының бар көне бейнесін баяндайтын мұражай жеті тұрғынжайдан тұрады. Өлкетанушы ғалым Виктор Зайберттің айтуына қарағанда, ежелгі адамдар қонысында әулеттің отағасы жайғасатын салтанатты жай, ас үйі, қымыз баптайтын, құрал-жабдықтар мен қару-жарақтарын қоятын қойма іспеттес бөлмесі болған екен. Мұның барлығы киял-ғажайып дүниелер емес, ғалымдардың нақты болжамдары бойынша дәлелденген жайлар. Жерді орлап қазып, оқтай түзу бөренеден өріп, іші-сыртын майлы балшықпен сылап көтерген тұрғынжайлар жазда кәдімгідей қоңыр салқын, қыста құрқылтайдың ұясындай жып-жылы болса керек. Ал кейбір бөлмелердің шаңырағына дейін көтеріліп, бекітілген ағаш басқыштар сайын Сарыарқаның атан түйені алып жығатын ақ түтек боранында тұрғынжайдың кірер есігін қар басып қалса, сыртқа шығуға мүмкіндік беретін қосалқы жолы. Әр бөлмеде Айыртаудағы ежелгі қоныстан табылған жәдігерлер қатталған. Сол қымбат жәдігерлерге қарап, осыдан алты мың жыл бұрын Ұлы Даланың ұландары қандай затты тұтынғанын аңғаруға болады» деп жазады ашық аспан астындағы музейдің ашылуына куә болған «Егемен Қазақстан» газетіндегі әріптестеріміз. Жұмбағы таусылмайтын, құпиясын ішіне бүккен Бурабай баурайының кереметін айтып тауыса алмаспыз, сірә!

P.S. Көкшенің сұлу табиғатын, кереметін бір мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Оқырмандарымыз үшін тәуелсіз қазақ елінің кең байтақ жеріндегі бір ғана кереметті жеткізе алсақ, мақсатымыздың орындалғаны.

Басы 1-бетте

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)
Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4799 Тапсырыс №40

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ